

4- Дәріс

Шағатай тілінің фонетикалық ерекшеліктері-2

Дауыссыз дыбыстар

Шағатай тілінде 26 дауыссыз әріп бар: *b, c, ç, d, f, g, ğ, h, ħ, j, k, k̄, l, m, n, ŋ, p, r, s, ş, t, v, w, y, z*, '(ayn). Түркі негізді сөздерде ешқашан /c/ (дж ч), /j/ (ж ж̄), /' / (ғайн ғ) дауыссыздарын кездестіре алмаймыз. Ал /ŋ/ дауыссызы тек түрікше сөздерде кездеседі. Сонымен қатар, шағатай тілінде түркі негізді сөздер /c/, /f/, /g/, /ğ/, /ħ/, /j/, /' / (ғайн), /ŋ/, /r/, /ş/, /v/, /z/ әріптерінен басталмайды. Шағатай тілінде сөз басында екі дауыссыз қатар келмейді, тек сөз ішінде немесе сөз соңында қосарлана қолданылады.

Шағатай тілі дауыссыз дыбыстарының жүйесі*¹

	ұяң	қатаң	ұяң	қатаң	ұяң	қатаң	үнді (ауыз)	үнді (мұрын жолды)	үнді (мұрын жолды)	үнді (ауыз жолды)
Ерін	b	p							m	w
тіс-ерін			v	f						
тіс	d	t	z	s			r	l	n	
тіс- таңдай			j	ş	c	ç				y
тіл ортасы	g	k								
тіс арты		k̄	ğ	ħ				ŋ		
Көмей		'(ayn)		h						

Дауыссыздардың үндестігі

Түркі тілінде қатар келген дауыссыздардың дыбыс қатысымына қарай өзара үндесуі үрдісін дауыссыздардың ассимиляциясы деп атайды. Шағатай тіліндегі дауыссыздар толықтай үндестік заңына бағынбайды. Түбір сөздерде үндестік заңын сақтағынына қарамастан түбір сөзге жалғанатын қосымшалар көп жағдайда бұл заңдылыққа бағынбайды. Мысалы: жатыс септігі жалғауы +*da*, +*de*; шығыс септігінің жалғауы +*din*/*din* және *turur* көмекші етістіктің –*tur* формаларын атауға болады. Жедел өткен шақ жалғауы –*dı* / –*di* қатаң дауыссыздардан кейін көп жағдайда ұяң түрде қолданылады. Мысалы: *êşik+de*, *iş+de*, *hayāt+dın*, *baht+dın*, *bolup-tur*, *cihet-dür*, *aşuq-tum*, *arıt-tı* және т.б.

¹Қараңыз János Eckmann, Çağatayca El Kitabı, çev. Günay Karaağaç, Akçağ Yayınları, Ankara, 2003, s.35

Дауыссыздардың орын алмасуы

/b-/ >/m-/

Сөз басында /b/ дауыссызы /n/, /ŋ/ сияқты үнді дауыссыздардан кейін келген жағдайда, кей кезде /m/ дауыссызына айналады. Мысалы: *man-* < *ban-*; *min-* < *bin-*; *mēŋze-* < *bēŋze-*; *bēŋgiz* < *mēŋgiz*; *miŋ* < *biŋ* және т.б.

/-b-/ , /-b/ >/-w-/ , /-w/ >/-v-/ , /-v/

Қарахан және Хорезм тілдерінде /w/ қосарлы еріндік дауыссызға айналған сөз іші немесе сөз соңы /b/ дауыссызы, Шағатай тілінде /v/ ерін-тіс дауыссызға айналады. Мысалы: *av* < *aw* < *ab*, *çav* < *çaw* < *çab*, *sav* < *saw* < *sab* және т.б.

/-p-/ >/-f-/

Шағатай тілінде сөз ортасында қолданылған /p/ дауыссызы кейбір мысалдарда /f/ дауыссызына өзгереді. Мысалы: *köfrüg/k* < *köprüg*; *ofra* < *opra-*; *tofrağ/k* < *topraq*; *yafrağ/k* < *yapurğak*, т.б.

/t-/ >/d-/

Кейбір сөз басында қолданылған /t/ дауыссызы бірнеше сөздерде /d/ дауыссызына айналып, ұяңданғанын байқауға болады. Мысалы: *dağı* < *tağı*; *dëg/k* < *tëg*; *dëgin* < *tëgin*; *dëgrü* < *tëgrü* және т.б.

/-d-/ , /-d/ >/-y-/ , /-y/

Қарахан және Хорезм тілдерінде /d/ ретінде қолданылған Көне Түркі тілінің сөз ортасы және сөз соңында қолданылған /d/ дауыссызы Шағатай тілінде /y/ дауыссызына ауысқан. Мысалы: *ayağ* < *adağ*; *ayır-* < *ađır-*; *bëyik* < *bedük*; *kuyruğ* < *kudruğ*; *yayağ/k* < *yadağ* және т.б.

Дауысты дыбыстардан басталған бірнеше сөздерде /d//d/ дауыссызынан пайда болған /y/ дауыссызының /g/ дыбысына айналғанын байқауға болады. Мысалы: *ëge* < *eue* < *ëdi*; *ëger* < *euer* < *ëder* және т.б.

/-k-/ >/-ğ-/ , /-h-/

/k/ дауыссызы жалпы, Шағатай тілінде өз қалпында сақталғанымен, екі дауыстының арасында келген жағдайда кейде /ğ/ дауыссызына айналғанын байқауға болады. Мысалы: *dağı* < *tağı*, *ağımtul* < *ağımtul*. Кей кездерде /k/ дауыссызы басқа дауыссызбен қатар келгенде /h/-ға айналады. Мысалы: *ağşam* < *ağşam*; *oğşa* < *oğşa-*; *toğsan* < *toğsan*; *uğhu* < *uğhu*; *yahşı* < *yahşı* және т.б.

/-ğ-/ >/-w-/ >/-v-/

Көне Түркі тілі мен Қарахан тілдеріндегі /ğ//k/ дыбыстары, Хорезм тілінде қос еріндік /w/ дауыссызы Шағатай тілінде /v/ дыбысына айналады. Мысалы: *savuğ* < *sawuğ* < *soğık*; *tavuğ* < *tawuğ* < *tağıgu*. Сонымен қатар, *-ağı/-egü* атты дыбыс тобы Шағатайша мәтіндерде *-av/-ev* дыбыстар тобына айналады.

Мысалы: *bilev* < *bilegü*; *birev* < *biregü*; *buzav* < *buzagü*; *kirav* < *kiragü*, т.б. Ал /ev/ дифтонгы келесі сөздерде /öy/ түріне ауысқан. Мысалы: *öy* < *ev*; *oyür* < *evür*- және т.б.

/ġ-/ , /g-/>/қ-/ , /к-/

Шағатай тілінде /ġ/ дауыссызы буын басында кездескен жағдайда кей сөздерде /қ/ дауыссызына айналады. Мысалы: *inçke* (< КТ *yinçke*); *qumursқа* (< КТ *qumursğa*). Ал кейбір жағдайда /ġ/ дауыссызының сақталғанын байқай аламыз. Мысалы: *qarinç-ğa*, *sar(i)ġ+ar-*, т.б. Ал, келесі бір сөздерде /g/ мен /ġ/ дауыссыздары мүлдем түсіп қалғанын көреміз. Мысалы: *çemen* (< *çemgen*), *taraq* (< *tarğaq*) және т.б.

Шағатай тілінде /g//ġ/ және /к//қ/ дауыссыздарының жазылу тәртібінде қарама-қайшылық байқалады. Түпнегізгі /ġ/ дауыссызы арқылы жазылған сөздер /қ/, ал түпнегізгі /қ/ дауыссызы арқылы жазылған сөздер /ġ/ дауыссызымен көрсетілуі айтылған қарама-қайшылықты анық көрсетеді. Мысалы: /-ġ/ негізді сөздерде *qatıġ* ~ *qatıq*, *quruġ* ~ *quruq*; /-қ/ негізі сөздерде *aq* ~ *aġ*, *artuq* ~ *artuġ* және т.б. қолданылған.

Дерексіз сөздер тудырушы +*lıq* / +*luq* жалғаулармен бірге сын есім тудырушы жұрнағы болып саналатын +*lıġ* / +*luġ* қосымшаларының да араласып кеткенін көреміз. Мысалы: *açlıq* ~ *açlıġ*, *baġlıġ* ~ *baġlıq*, *qarılıġ* ~ *qarılıq* және т.б.

Бұл жағдай -*duq*/*düq* өткен шақ жұрнақтары мен -*saq*/*sek* шартты рай жалғауларының соңғы /к//қ/ дауыссыздарына әсер етпейді. Мысалы: *kal-duq*, *bak-saq*, *kél-düq*, *yörü-sek*, т.б.

Етістікті түбір сөздердің соңғы әріптері де бұл жағдайға бағынбайды. Өйткені /g//ġ/ да басқа, /к//қ/ да басқа фонемалық функцияға ие болып саналады. Мысалы: *sıġ-*, *sıq-*, *yaġ-*, *yaq-*, *yıġ-* және т.б.

Метатеза

Шағатай тілінде кейбір сөздерде метатеза «орын ауыстыру» деген үрдіс байқалады. Мысалы: *ögren*-<*örge*n-, *yaġmur* < *yamġur* және т.б.

Қосарлану

Шағатай тілінде кейбір сөздерде дауыссыздардың қосарлануы кездеседі. Мысалы: *allıda* ~ *alıda*; *ékki* ~ *éki*; *ıssıġ* ~ *ıssıq*; *yétti* ~ *yéti*; *sékkiz* ~ *sékiz*; *toqquz* ~ *toquz*.

Дауыссыздың түсуі

Кей сөздерде дауыссыз дыбыстан бұрын тұрған /r/ дауыссызының түсіп қалғанын көреміз. Мысалы: *bile* ~ *birle*, *è-* ~ *ér*, *èmes* ~ *èrmes*, т.б.

Дауыссыздың туындауы

Кейбір қысаң дауыстылы сөздердің басында –у дыбысының пайда болуын көріге болады. Мысалы: *yığaç* ‘ағаш’ < (ДЛТ) *yığaç* < (КТ) *ığaç*; *yığla-‘жылау’* < (ДЛТ) *ığla* ~ *yığla-* және т.б.

Орта буынның түсуі

Түркі тілінде орта буынның екпінсіз болуына қарамастан, орта буын дауысты дыбысының түсіп қалуы, әсіресе ағза атауларында кеңінен қолданылатын дыбыстық жағдай болып табылады. Бұл дыбыстық жағдайды Шағатай тілінде де жиі кездестіруге болады. Мысалы: *ağzi* < *ağizi*, *boynu* < *boynui*, *bağrı* < *bağırı*, *boğzi* < *boğuzı*, *burna* < *burun* және т.б.

Дауыссыздың туындауы

Шағатай тілінде кейбір сөздер мен қосымшаларда /n/ дауыссыздың пайда болуын көруге болады. Бұл үрдіс көбінесе қосымшаларда кездеседі. Мысалы: *-ğıça/-güçe*, *-ğınça/-günçe*. Қараханид тілі мәтіндерінде *ērki* формасында кездесетін сұрау демеуліктері Шағатай тілінде *ērkin* және *ekin* түрінде көрініс табады.

“-n” есімдігінің түсіп қалуы

Шағатай тілінде “-n” есімдігінің жойылып кету үрдісі байқалады. *ara+sı+n+da* > *ara+sı+da* ‘арасында’; *evlād+i+n+dın* > *evlād+i+dın* ‘ұлынан’; *iç+i+n+de* > *iç+i+de* ‘ішінен’; *or(u)n+i+n+da* > *or(u)n+i+da* ‘орнында’; *su+y+i+n+dın* > *su+y+i+dın* ‘суынан’; *üst+i+n+de* > *üst+i+de* ‘үстінде’; *yaқа+sı+n+da* > *yaқа+sı+da* ‘жағасында’ және т.б.

Тапсырмалар:

1. Төмендегі әріптердің сөз басы, сөз ортасы және сөз соңындағы жазылу түрлерін жазуға машықтаныңыз

م
ق
ط
ن
لا
نك
غ
د
ب

چ
غ
ف
ی
ز
ء
ص
ه
ا

2. Төмендегі сөздерді оқыңыз және көшіріп жазып, машықтаныңыз.

بيگ beg
بر ber
بش beş
بيل bil
بر bir

بز biz
چک çek
دک dek
دم dem
دين din

دیل dil
کل kel
کچ keç
کیم kim
کیر kir
بن men
می mey

مین min
پیل pil
شعر şir
تن ten
تر ter
تیل til
تیش tiş

3. Берілген сөздерді көшіріп жазып, дауыстап оқыңыз.

آلتى
آلتون
آرقا
آرتوق
باغلا
باشلا

اوينا
اوقو
اردو
شيشه
قارا
اورته

4. Берілген сөздердің жазылуына назар аудара отырып, оқылуын үйреніңіз.

قوچ
قول
قوم
قوش
طوت
تور
تور
يوت
بوت
كول
كون
سور
تون
يوك
يوز

СМӨЖ Тақырыптары:

1. Осы уақытқа дейін жазылған Шағатай тілі сөздіктер туралы баяндама жасау. Abuşka, Bedayü'l Lugat, Senglah, ... сияқты.
2. Қысас ул-Әнбия және Шайбанинама туралы баяндама дайынау.

Әдебиеттер Тізімі:

1. Argunşah, M., Çağatay Türkçesi, Kesit баспасы, Анкара, 2013.
2. Akar, A., Türk Dili Tarihi, Ötüken баспасы, Анкара, 2005.
3. Develi, H., Osmanlı Türkçesi Kılavuzu, 1. Cilt, Kesit баспасы, Ыстанбұл, 2014.
4. Сыздықова Р.Ф. Текстология мәселелері//Қазақәдебиеті. –1964. – 27 март
5. Eckmann J., аудар: Karaağaç G., Çağatayca El Kitabı, Akça баспасы, Анкара, 2003.
6. Eren, H., Çağatay Lugatleri Hakkında Notlar, DTСF журналы, №1-2, Анкара, 1950.